

**«Ару қала - Астана»  
республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері**

**1. Жалпы ережелер**

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында қашықтықтан өткізілетін «Ару қала - Астана» республикалық интернет-байқауының (бұдан әрі - Байқау) ережелері оның мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: білім алушыларды шығармашылық қызметке тарту, дарынды балаларды анықтау және қолдау.

- қатысушылардың шығармашылық өзін-өзі танытуға жағдай жасау;
- балалардың қиялын, елестетуін, көркемдік шығармашылыққа деген қабілеттерін дамытуға итермелеу;
- қазақстандық патриотизм, өз астанасына деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу;
- дәстүрлі және заманауи мәдениет негізінде өскелең ұрпақтың эстетикалық талғамын қалыптастыру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

**2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі**

5. Байқау жұмыстары электронды түрде **2017 жылғы 5 сәуірден 7 шілдеге дейін** [rumcdo.astana@mail.ru](mailto:rumcdo.astana@mail.ru) электронды поштасына қабылданады.

**2017 жылға 7 шілдеден** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаз балалардың жетекшілеріне алғыс хаттар **2017 жылғы 14 шілдеде** [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

6. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ құралдарына жариялауға құқылы. Қатысушыларға сараптамалық қорытынды мен пікірлер берілмейді.

7. Байқауға қатысу үшін әр жұмысқа **1500 (бір мың бес жүз) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БанкЦентрКредит АҚ

Иик KZ91856000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП – 859.

Төлемақының мақсаты: «Ару қала - Астана» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету қажет.

8. Байқауға қатысу үшін [rumcdo.astana@mail.ru](mailto:rumcdo.astana@mail.ru) электронды поштасына келесі құжаттар жіберілуі тиіс:

- 1) қосымшаға сәйкес толтырылған өтінім;
- 2) сканерден өткізген төлемақы құжаты немесе төлем тапсырмасы;
- 3) электронды түрдегі байқау жұмысы.

### 3. Байқау талаптары

9. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 4-17 жас аралығындағы білім алушылары қатысады.

Байқау келесі жас санаттары бойынша өткізіледі:

- 1) кіші жас тобы: 4-6 жас;
- 2) кіші жас тобы: 7-10 жас;
- 3) орта жас тобы: 11-14 жас;
- 4) жоғары жас тобы: 15-17 жас.

10. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1. «Астана - еліміздің жүрегі» ақындар байқауы.

Байқауға Республикамыздың жүрегі – Астана қаласына арналған сүйіспеншілік тақырыбын, өз әсерлерін, Астананың құрылу тарихын және т.б. ашатын өздері шығарған өлеңдер ұсынылады.

Мәтіннің өлшемдері: өлеңнің мәтіні Word құжатында, жиектері – қалыпты, қаріпі - Times New Roman 14, жоларалық интервал – бір қалыпты болуы тиіс. Мәтін парақтың ортасында немесе сол жағында орналастырылуы мүмкін. Өлеңнің тақырыбы болуы керек, оны қалың қаріппен белгілеуге болады.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

- 1) номинацияның тақырыбына сәйкестігі;
- 2) тақырыптың ашылуы;
- 3) сюжеттің түпнұсқалығы және авторлық көзқарасы;
- 4) ақындығы;
- 5) жұмыстың жалпы позитивті көңіл-күйі;

Байқауға тек жеке жұмыстар қабылданады.

2. «Астана, туылған күніңмен!» - видео құттықтаулар байқауы.

Видеоролик 3 минуттан аспауы тиіс. Видеороликтің бірінші бөлігінде қатысушы өз қаласын таныстырады, ал екінші бөлігінде қала тұрғындарын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде құттықтайды.

Байқау жұмысы телефон камерасына немесе видеокамераға түсірілуі қажет. Қабылданатын пішімдер: WMV, MPEG4, AVI, DVD.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

- 1) роликтің құрылымы (идеясының қаншалықты іске асқандығы);
- 2) ролик мазмұнының берілген тақырыпқа сәйкестігі;
- 3) идеяның түпнұсқалығы;
- 4) шығармашылық және ерекше тәсіл (арнайы әсерлердің болуы, анимация, компьютерлік графика және тағы басқа);
- 5) бекітілген талаптардың сақталуы.

Байқауға жеке, сондай-ақ ұжымдық жұмыстар қабылданады.

### 3. «Тосын сый»:

Ерекше жанрлар: фокус, әзіл-оспақ, гимнастика, пародия, трюктер, акробатика, пластикалық этюд, жонглерство, сайқымазақ, эстрадалық және театрлық пародия.

Байқау жұмысы телефон камерасына немесе видеокамераға түсірілуі қажет. Қабылданатын пішімдер: WMV, MPEG4, AVI, DVD. Ұзақтығы 3 минуттан аспайтын видеоматериалдар қабылданады.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

- 1) цирктік дайындық пен орындау шеберлігінің деңгейі;
- 2) орындаушылардың техникалық мүмкіндіктері;
- 3) әртістік, сахналық көрінісі (икемділік, костюм, орындау мәдениеті);
- 4) бағдарламаны көркемдік безендіру, реквизит.

Байқауға жеке, сондай-ақ ұжымдық жұмыстар қабылданады.

### 4. «Астана балалардың көзімен» - сурет байқауы.

Байқауға кез-келген техникада (фломастер, гуашь, акварель, бор, балауыз боры, тушь, пастель, қарындаш, және т.б.) салынған суреттердің фотолары (фото немесе сканерленген жұмыстар) қабылданады. Сонымен қатар, графикалық редакторларда (Adobe Photoshop, Paint және т.б.) жасалған жұмыстар қабылданады. Жұмыстың форматы - А4, паспартусыз.

- 1) Байқаудың тақырыбына сәйкестігі;
- 2) жасына сәйкестігі;
- 3) сюжеттің түпнұсқалығы және авторлық көзқарасы;
- 4) автордың ой-қиялының байлығы және шығармашылық тәсілі;
- 5) байқау жұмысының сауаттылығы және эстетикалық ресімдеуі.

11. Байқауда бір қатысушы бір немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр қатысушыдан әр номинацияға бір жұмыс қабылданады. Әр номинацияға жеке жұмыс ретінде жеке ақша төленеді.

12. Байқау жұмысының титул парағында келесілер көрсетіледі:

- облысы, аудан (қала), ауылы;
- білім беру ұйымының аталуы;
- байқау және номинациясының аталуы;

автордың аты-жөні;  
қатысушының жасы;  
e-mail, байланыс құралдары;  
Жеткешісінің аты-жөні.

13. Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

## 5. Байқауды қорытындылау

14. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

15. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификат беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттардың электронды нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында мына сілтеме бойынша <http://www.ziyatker.org/#!/-c10hg> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады. Анықтама телефоны: +7 (7172) 249 303 («Ару қала - Астана» байқауы).

Дипломдарды, сертификаттарды, алғыс хаттарды жүктеп алудың нұсқасы: [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) → Орталық қызметі → Республикалық іс-шаралар → «Ару қала - Астана» байқауы → әрі қарай).

## Ережеге қосымша

Қашықтықтан өткізілетін Республикалық интернет-байқауға қатысу туралы ұсыным

Қатысушының аты-жөні Қатысушының жасы	Облысы, қала, аудан, ауыл, білім беру ұйымының атауы	Байқаудың, номинациясының, жұмыстың атауы	Байланыс құралдары (ұялы телефоны, электронды поштасы)	Жетекшісінің аты-жөні
1	2	3	4	5